



Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құнын белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 30 мамырдағы № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 мамырда № 36179 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 14-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құнын белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. "Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 100 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 мамырда № 32448 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Заң департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы*

Д. Жазықбай

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі төрағасы
2025 жылғы 30 мамырдағы
№ 91

Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы зерттеулер, консалтингтік қызметтер құнын белгілеу Қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 14-бабының 2-тармағына

сәйкес әзірленді және зерттеулер, консалтингтік қызметтер құнын белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтанулық зерттеу-зерттеу нысанасын жан-жақты талдаумен сипатталатын әлеуметтік процестер мен құбылыстарды зерделеуге бағытталған зерттеу, сондай-ақ оларды кейіннен қолданыстағы проблемаларды шешуде пайдалану үшін дәйекті деректер алу;

2) зерттеулер-ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістер мен құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

3) консалтингтік қызметтер-Мемлекеттік орган қызметі процесінде туындайтын проблемаларды, мүмкіндіктерді айқындау және бағалау бойынша не жағдайды егжей-тегжейлі талдау бойынша; жұмыстың қаржылық және басқарушылық тиімділігін арттыру үшін одан әрі іс-қимылдарды түзету бойынша тиімді ұсынымдар әзірлеу бойынша қызметтер (мынадай негізгі қызмет түрлері шеңберінде: басқарушылық консалтинг, әкімшілік-кадрлық консалтинг, қаржылық консалтинг, IT-консалтинг, заң консалтингі, мамандандырылған консалтинг, қорғаныс саласындағы консалтинг, техникалық консалтингтік қызметтер);

4) құнын белгілеу-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу бойынша жүргізетін іс-шаралар.

2 тарау. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу тәртібі

3. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құны мыналарды қамтиды:

1) тікелей шығындар:

соңғы 12 айдағы соңғы жарияланған ресми статистикалық деректерге (жалақы, әлеуметтік салық, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің аударымдары) сәйкес республика бойынша зерттеулерді, консалтингтік қызметтерді жүзеге асыратын, бірақ тиісті саладағы (кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет) орташа айлық атаулы жалақыдан аспайтын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарына);

іссапар шығыстары (жол жүру, тұру және тәуліктік);

зерттеу, консалтингтік қызметтер үшін тікелей қажет полиграфиялық шығындар;

ақпараттық қызметтер (бейнеконференцбайланыс өткізуге арналған платформа, онлайн-сауалнамалар жүргізуге арналған платформа, деректерді статистикалық талдау бағдарламалары, кітапханалардың ақпараттық базаларына қол жеткізу);

көлік шығындары;

байланыс қызметтері (пошта байланысы, интернет, телефония шығындары);

аударма қызметтері;

зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету үшін тікелей пайдаланылатын материалдарды сатып алу;

зерттеулердің нәтижелерінің түпнұсқалылық дәрежесін анықтауға тексеру жүргізуге арналған шығыстар (плагиатқа тексеру) ;

2) шартты-тұрақты шығыстар:

тартылатын сыртқы сарапшылардың (қосалқы мердігерлердің) қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстар;

қорларды сатып алу бойынша шығыстар (зерттеулер, консалтингтік қызметтер үшін қажетті тауарлар мен материалдардың құнын айқындау);

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген талаптарға сәйкес айқындалған қосылған құн салығы, ол қызметтердің жалпы құнынан айқындалуға тиіс. Тапсырыс беруші қосылған құн салығын есептеудің дұрыстығын бақылауды арифметикалық жолмен жүзеге асырады, салық есебін жүргізуге әлеуетті орындаушы жауапты болады.

4. Жобалардың құнын жинау жөніндегі ақпаратты Тапсырыс беруші зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің тақырыптарын бекіткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде Тапсырыс беруші кемінде үш әлеуетті орындаушыға жібереді.

5. Зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету кезіндегі шығыстардың әрбір бабын Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген Тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорын пайдалана отырып, әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде қалыптастырады. Бұл ретте, баға дерекқорында көзделген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін нақты орташа бағадан аспайтын бағаға бағдарланады. Бағалар дерекқорында болмаған кезде жоспарланатын шығыстарды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар) пайдаланылады.

6. Зерттеулер, консалтингтік қызметтер жүргізу үшін, жекелеген міндеттірді орындау мүмкін болмаған жағдайда, орындаушының бөгде ұйымдармен және жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық мәміле жасасу негізінде жүзеге асырылатын бөгде ұйымдарды мен жеке тұлғаларды тартуға құқығы бар.

7. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құны Бюджеттік жоспарлау қағидаларымен (Қаржы министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 208 бұйрығы) сәйкес және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құнын есептеуге сәйкес белгіленеді.

Зерттеулердің, консалтингтік

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құнын есептеу

1. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құны, кемінде, үш әлеуетті орындаушыдан алынған жобалар негізінде тікелей шығыстар, шартты-тұрақты шығыстар және қосылған құн салығына сүйене отырып, ең төменгі құны бойынша белгіленеді:

$$\text{Құны} = \sum \text{ТШ} + \text{ШТШ} + \text{ҚҚС}$$

2. Тікелей шығыстар мен шартты-тұрақты шығыстар сомасы ($\sum \text{ТШ} + \text{ШТШ}$) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\sum \text{ТШ} + \text{ШТШ} = \sum \text{С}_{\text{еа}} + \text{С}_{\text{іш}} + \text{С}_{\text{пш}} + \text{С}_{\text{ақ}} + \text{С}_{\text{кш}} + \text{С}_{\text{бқ}} + \text{С}_{\text{аудқ}} + \text{С}_{\text{пт}} + \text{С}_{\text{сс}} + \text{С}_{\text{қс}}$$

мұндағы:

$\text{С}_{\text{еа}}$ – еңбекке ақы төлеу шығындарының сомасы;

$\text{С}_{\text{іш}}$ – іссапар шығыстарына арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{пш}}$ – полиграфиялық шығыстарға арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{ақ}}$ – ақпараттық көрсетілетін қызметтерге жұмсалған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{кш}}$ – көлік шығыстарына арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{бқ}}$ – байланыс қызметтеріне арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{аудқ}}$ – аударма қызметтеріне арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{мса}}$ – материалдарды сатып алуға арналған шығындар сомасы;

$\text{С}_{\text{пт}}$ – плагиатты тексеру шығындарының сомасы;

$\text{С}_{\text{сс}}$ – тартылатын сыртқы сарапшылардың (қосалқы мердігерлерге) қызметтеріне ақы төлеуіне арналған шығыстар сомасы;

$\text{С}_{\text{қс}}$ – қорларды сатып алуға жұмсалған шығыстар сомасы.

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер құнын белгілеу кезінде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілерден алынған ұсынылған жобаларды зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер сәйкестігі, ұсынылатын іс-шаралардың мазмұны, олардың толықтығы мен құны тұрғысынан қарайды.
